

Тексерілді. ЖД
27.10.22

«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы



**Тақырыбы: «Көңіл-күй кемпірқосағы»
тренинг ата-аналармен**

Педагог-психолог: Умбетова Ж.С

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Көңіл-күй кемпірқосағы» тренинг

Мақсаты: Ата-аналардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалата білу, өздеріне құрметпен қарау, сыйластық қарым-қатынасқа шақыру, балабақшаға жағымды көзқарас қалыптастыру.

Қабылдау топтарында ата-аналар «Көңіл күй кемпірқосағы» плакатын іліп қойды, оған ата-аналар танертенгі және кешке өздерінің көңіл-күйлеріне сәйкес түсті стикирлерді таңдап, жапсыру керек болды. Аптаның соңында плакаттарды талдай отырып, педагог-психолог барлығында «сары» көңіл-күй бар шуақты және қуанышты.



Текірігі
20.08.21.

«Қарлығаш» балабақшасы



Тренинг: «Шаттықа толы жүрекпен»

Топтың аты: Ата-аналар

Педагог-психолог: Умбетова Ж.С

2021-2022 оқу жылы

Тақырыбы: «Шаттыққа толы жүрекпен»

Мақсаты: Балабақша мен ата-аналар байланысын, отбасындағы тәрбиенің рөлін арттыру. Ата-аналардың қарым-қатынасын жақсарту. Бала тәрбиелеуде ата-аналарға кеңес беру және түсінік жұмысын жүргізу. Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Сәлеметсіздер ме құрметті ата-аналар. Бүгінгі біздің «Шаттыққа толы жүрекпен» тақырыбындағы тренингке қош келдіңіздер. Біздер балабақша ұжымы мен ата-аналардың мақсат міндеттері бір. Ол әрине балаларымыздың тәртіпті, білімді елі жері мақтан ететін ұл қыз өсіріп тәрбиелеу. Баланың ыстық суығыны күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім тәрбие беруде басты тұлға тәрбиеші болса оны жалғастырушы демеуші ата-ана бәріміз бірге балаларға отбасы жылулығын балабақша жылулығын беруді аямайық. Сондықтанда бүгінгі жиналысымыз сіздер үшін.

«Танысу» тренингі

Ата-аналар өздерінің есімдерін баласының есімін айтып және өзге ұлт өкілдерінше қимылмен амандасады.



Декреті
15.11.22

Жыл

«Қарлығаш» балабақшасы



Шаттық шеңбер

Топтың аты: Ата-аналар

Педагог-психолог: Умбетова Ж.С

2021-2022 оқу жылы

Ата-аналар жиналысына арналған тренинг.

Тренинг мақсаты: Баланың дамуына жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату. Ата-аналардың тәрбиешілермен балабақшамен тығыз байланысын арттыру, балалармен бірге миірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету, бала тәрбиелеу сапасының аз да болса жоғарлауына ықпал ету.

Қажетті құралдар: музыка жазылған ұнтаспа, түрлі түсті ленталар

Әдістер: сұрақ-жауап, пікір алмасу психологиялық жаттығулар.

Ата-аналарды қолымыздан ұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу. Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане біздің қолымыздағы түрлі түсті ленталарды жылы тілектер айтып жалғап шаттық шеңберін құрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар. Шеңберде тұрудың бір үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып, бір-бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп атаймыз. Енді бәріміз жақсылық тілеп, шаттана қуанып, күлкімізді сыйлайық.

